

ӘОЖ 316.4

ОТБАСЫДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛДЕРДІҢ БӨЛІНУІ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ

Жандельдинова Жамиля

Jomi0087@gmail.com

Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ әлеуметтану кафедрасының студенті , Нұр-Сұлтан
Ғылыми жетекшісі - А.А. Тлеспәева

Отбасы адам өмірінде алғашқыорында тұратын құндылықтардың бірі болып саналады. Себебі қоғам кез-келген жағдайда отбасы институтымен байланысты және де одан бастау алады. Ал отбасы жүйесінің трансформациясы мен отбасылық процестердің уақытқа, заманға сай өзгеруі қоғамға ықпалын тигізе отырып, құндылықтар жүйесін де өзгертеді. Қазақ халқында отбасы – ұзақ уақыт бойы өзін нық қалыптастырған құнды ұғымдардың бірі. Бірақ, соңғы уақытта отбасының өзгеру белгілері айқындала бастады. Оның дәлелі ретінде бірнеше фактілерді келтіруге болады. Мәселен: тіркелген неке санының азаюы, ажырасулардың көбеюі, соның ішінде жастар арасында, некеден тыс баласының өсуі және т.б. сияқты отбасылық жүйе өзгеруінің теріс жақтары көбірек көрініс табады. Әсіресе соңғы уақытта өзекті мәселелердің бірі – жас отбасы ажырасуы.

Жас отбасы ажырасуларын зерттеудің мәні мен өзектілігі неде? Жас отбасы қалыптасу кезінде бірқатар қиындықтарды бастан кешіреді. Қазақстанда жас отбасыға әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде материалдық және өзге де көмек, тиісті білім беру, медициналық, құқықтық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық, консультациялық және басқа да қызметтер көрсетуге, оның ішінде денсаулық сақтауды, тәрбиелеуді қамтамасыз етуге бағытталған жас отбасыларды мемлекеттік қолдау туралы заң[1] және сәйкесінше, жас

отбасылардың өмірін жақсартуға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар екеніне қарамастан, отбасылардағы ажырасу мәселесі әлі де өзекті.

Мәселен, статистикалық деректер бойынша, Қазақстанда 2017 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңіндегі ажырасу көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 12,9 болса, 2018 жылы 13,4, 2019 жылы 13,1, 2020 жылы 10,3 құрады. 2021 жылы көрсеткіштер тағы да жоғарылады. 2021 жылғы қаңтар-маусымда ажырасулар саны 9,4 мыңды құрады — өткен жылмен салыстырғанда 2,9% аз, алайда 2021 жылғы деректер соттардың некені бұзу туралы шешімдерін есепке алмай келтірілгенін ескерген жөн. Некеге тұру жасына қатысты әйелдер мен ерлер арасында 18–29 жас аралығындағы жастар көп байқалды. Некеде тұру мерзіміне келетін болсақ, қазақстандықтардың көпшілігі 2020 жылы тек бір жылдан төрт жылға дейін некеде тұрды, ажырасты. Мұндай тіркелген жағдайлар көрсеткіші - 14,7 мың. Бес-тоғыз жыл бірге өмір сүргеннен кейін тағы 13,5 мың неке бұзылды. Бір жыл тұрмай, 2,3 мың жұп ажырасқан[2].

Демек, статистикалық деректер Қазақстанда жастар арасындағы ажырасу мәселесін дәлелдеп тұр. Ажырасу мәселесін шешу үшін алдымен жас отбасылардағы проблемалардың негізі мен ажырасудың негізгі себептерін білу қажет.

Отбасы трансформациясы негізінде қалыптасқан некедегі функциялардың, рөлдердің ауысуы, ажырасу меноның себептері және басқа да отбасылық мәселелер туралы Э.Дюркгейм, У.Огборн, К.Томас, К.Хакстаф, конфликт теориясын жақтаушылар және т.б. зерттеген.

Мысалы, Э.Дюркгейм мен У.Огборн отбасы ыдырауының себебін оның реорганизация мен функциялық өзгеруінен тапты. У.Огборн отбасы мен оның мүшелерінің функцияларын зерттей отырып, олардың белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырайтынын дәлелдеп, отбасылық қатынастардың негізгі проблемасын «отбасының өз функциясын жоғалтуында» деген қорытындыға келді. У.Огборн бірнеше аргументке сүйене отырып, отбасының кейбір функцияларының толығымен шектен тыс шығатынын дәлелдеуге тырысты. Э.Дюркгейм де отбасының функцияларын, сонымен қатар, осы функциялардың өзгеруіне ықпал ететін сыртқы факторлар мен әлеуметтік процестерді зерттеді. Мысалы, Э.Дюркгейм урбанизация мен индустрияландыру процесстері отбасының маңызды жақтарына және де оның ыдырауына ықпал ететіндігін дәлелдеуге тырысты[4].

Отбасын зерттеушілер тобынан конфликт теориясының жақтаушыларын (Г.Хартман және т.б.), К.Хакстаф пен эмансипацияны сынға алушыларды ерекше атап өтуге болады. Мәселен, конфликт теориясының жақтаушылары (Г.Хартман және т.б.) отбасындағы конфликт пен ажырасу себебін ерлі-зайыптылардың үй шаруашылығын жүргізуіне, қаражат пен билікті бөлуіне, бала тәрбиесіне байланысты келіспей қалушылығын атап өтеді. Отбасы «шиеленіспен күрес алаңына» айналады. Конфликт отбасының әлеуметтік өміріндегі қарапайым сұрақтарға негізделген: «Ақшаны кім табуы қажет?», «Әйел жұмыс істеуі керек пе?», «Әйел жұмыс жасаса, үй шаруашылығымен кім айналысады?», «Балаларды тәрбиелеу кімнің міндеті?», «Егер әйел ер адамнан көп ақша табатын болса,..?» және т.б. Осылайша, отбасы әлеуметтік шиеленістерді көрсететін микрокосмос ретінде қарастырылады. Отбасылық конфликтерді зерттеу отбасы әлеуметтануын гендерлік зерттеулерге алып келді. Гендерлік бағыт жыныстық рөлдерді зерттеумен айналысады. Соңғы онжылдықта әлеуметтік рөлдер мен гендерлік идеалдар әйелдердің қоғамдық өндірісте жаппай жұмыс істеуіне байланысты өзгерді[4].

Мысалы, К.Хакстафтың теориясына сәйкес ажырасудың негізгі себептерінің бірі — *гендерлік рөлдердің бөлінуі*. Яғни, ұзақ уақыт бойы қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігі үшін күрес тек кейбір салаларда орын алды, кейін бұл идея жеке өмірді де қамтыды. Гендерлік теңдікке қол жеткізу процесі отбасыдағы институттық тетіктер мен қалыпты отбасылық міндеттерге, принциптерге ықпалын тигізіп, отбасылық қарым-қатынастың бұзылуына алып келді. К.Хакстафтың түпкі идеясы бойынша, ажырасудың жаңа мәдениетінде әйелдер некені сақтау жауапкершілігін алудан бас тарта бастады[3].

Эмансипация процесін сынға алушылар да отбасылық бөліністерге қатысты ұқсас/сәйкес тұжырымдаманы ұсынды. Олардың пікірінше, *еңбек саласындағы гендерлік теңдік* еңбек

нарығында әйелдердің ерлермен бәсекелесуіне жол ашты. Әйелдер шығын мен пайда әкелмейтін үй шаруашылығының құрылымын бұзады. Сәйкесінше, отбасы мүшелері жүгінуге мәжбүр болатын әлеуметтік қызметтердің жаңа салаларына қажеттілік пайда болады. Отбасы негіздері жоғалып, отбасы қоғамның тұтынушылық бірлігіне айналады. Қорыта келе, ажырасу саны өседі және туу саны азаяды.

Демек, зерттеушілердің бір бөлігі қоғамның экономикалық, жұмыспен қамту мен еңбек нарығындағы гендерлік теңдіктің отбасылық өмірге көрінісінің нәтижелерін атап өтеді. Заманға сай гендерлік теңдіктің дамуына байланысты әйелдердің еңбек нарығына келуі, белгілі бір статусты иемденіп, ерлермен қатар ақша табуы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан патриархалды отбасы жүйесін бұзды. Яғни, гендерлік теңдік, еңбек нарығындағы теңдік пен әйел адамның экономикалық тәуелсіздігі жеке өмірге ықпал тигізді. Осылайша, отбасылық шиеленіс пайда болады.

Аталған теориялардың негізінде Қазақстандағы мәселені қарастыруға болады. З. Шаукенова, Г. Соловьева мен Е. Бурованың «Отбасы – қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы» зерттеуін қарастыратын болсақ, қазақстандық отбасылар патриархалды жүйеден эгалитарлы модельге көшуде. Авторлардың айтуынша, қазақстандық қоғамды сақтауға бағытталған эгалитарлы модельді дамыту мақсатында отбасындағы белгілі бір процесстерге назар аудару керек. Оның ең негізгісі – гендерлік трансформация: отбасындағы дәстүрлі гендерлік рөлдерді, билікті, үй міндеттерін, отбасы бюджетіне қаржылық инвестицияларды бөлу, яғни «отбасылық демократия» деп аталатын категорияны қалыптастыру. Респонденттердің 50% патриархалды стереотиптерді сақтай отырып, ер адам отбасы басшысы болуы тиіс деп санайды. Бірақ шындығында, 43% отбасында ерлер мен әйелдер тең табыс табады. Авторлар осы зерттеуде гендерлік теңдіктің әйел адамға ықпалын анық көрсетеді. Әйелдер де үйге «табыс әкелуші» рөлін атқарса да, ерлер үй шаруашылығына қатысты міндеттерді атқарудан бас тартады. Міндеттердің ең маңызды бөлігі – балаларды тәрбиелеу әйелдерге жүктеледі [6]. Сондықтан, әйел екі жақты міндеттерді орындауға мәжбүр: отбасын қаржылай асырау және үй шаруашылығымен айналысу. Демек, К. Хакстаф теориясына сәйкес, гендерлік теңдік жеке/отбасылық өмірге ықпал тигізе бастады: әйелдер ер адаммен қатар отбасын қаржылай асырай алады. Бірақ, конфликт теориясының жақтаушылары қойған ақша табу, әйелдің жұмыс істеуі мен жұмыс істейтін әйелдің үй шаруашылығымен байланысты міндеттерін кім атқаруы қажет және бала тәрбиесіне қатысты мәселелердің жауабында «әйел» категориясы басым. Яғни, «әйел адам жұмыс жасаса да, үй шаруашылығымен айналысу және балаларды тәрбиелеу міндеті оның мойнында қалады». Осылай, конфликт теориясына сәкес, отбасы ішінде билік, қаржы, үй міндеттерін бөлу бала тәрбиесіне байланысты шиеленіс пайда болады.

Г. Соловьёва мен Е. Булова зерттеуіне сүйенсек, ер адамдардың басым бөлігінің пікірінше, ажырасу себебі – экономикалық фактор, яғни ер адамның отбасын асыра алмауы. Бірақ авторлардың айтуынша, бұл тұрғыда сұрақтың негізі ретінде отбасындағы тек ер адам ғана табыс табушы деген идеяға негізделген. Шын мәнінде, отбасылық қаржы жүйесі бұрыннан бері өзгерген және қазіргі уақытта «табыс табатын» ер адам да, әйел адам да бола алады. Сондықтан ажырасудың себебі ретінде әйелдің аз ақша табуы және отбасының қаржылық статусын сақтай алмайтынын да атауға болатын еді. Бірақ гендерлік сұрақ тиісті жауап алды: отбасын асырай алмаған ер адам ажырасу себепшісі болып шықты. Осы тұрақты стереотиптерге бағынышты ерлер үшін жұмыссыздық, жалақының жеткіліксіздігі отбасының бұзылуына себеп болады. Қазіргі уақыт отбасындағы ер адамның үстемдігі туралы дәстүрлі стереотиптің жоғалуын көздейді және отбасылық рөлдерді қайта бөлінуін білдіреді. Дәстүр мен гендерлік арақатынас туралы әйелдер гендерлік тұрғыдан модерндік көзқарастарды ұстанса, ер адамдар дәстүрге бейімділік танытады [5]. Демек, ер адамдардың отбасыға қатысты дәстүрлі ойлары мен әйелдердің заманауи көзқарастары отбасы жүйесінде белгілі бір конфликт туғызады. Әсіресе, отбасындағы қаржы табу мәселесіне келгенде, ер адамдар үшін «табыс табушы», «отбасы асыраушы» рөлін сақтап қалу аса маңызды рөл ойнайды. Яғни, осы жерде де К. Хакстаф пен конфликт теориясын жақтаушылардың идеясына сәйкес

мәселе айқындалып отыр. Гендерлік теңдік пен әйел адамның табыс әкеле алатынын мойындай алмаған ерлер және қазіргі кезде отбасымен қатар индивидуализация процесінің маңыздылығын мойындайтын және оған қол жеткізгісі келетін әйелдер арасында отбасындағы билікке, қаржы бөлуге байланысты келіспеушілік туындайды. Сәйкесінше, рөлдердің бөлінуі кезіндегі конфликт ажырасудың себебіне айналады.

Қорытындылай келе, қазақстандық отбасыларда гендерлік баланс әлі толық орнатылмағандықтан. Нәтижесінде, отбасы жүйесі әлсірейді, белгілі бір отбасылық проблемалар мен даулы жағдайларорын алады. Сәйкесінше, ажырасуға талпындырушы факторлар көбейеді. Ажырасу мәселесін болдырмау мақсатында, қазақстандық отбасыларды алдымен, гендерлік сұраққа қатысты заманауи көзқарастарға бейімділік жетіспейді. Қалыптасқан стереотиптер, отбасы жүйесіне қатысты патриархалды ұстанымдар отбасылық қарым-қатынастардың дамуын бір деңгейде ұстап дамытады. Сонымен қоса, конфликт, шиеленістер көбеюдің негізгі немесе кейбір жағдайда талпындырушы факторы да бола алады. Қазақстандық отбасыларда қазіргі кезде гендерлік трансформацияның тетіктері көрінгенмен, әйел адамға да, ер адамға да, толық отбасылық өмірге де ықпал ететін проблемалар бар. Оларды шешу заңнамалық деңгеймен қатар, әлеуметтік, экономикалық жүйеде де жұмыс атқарылу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004.07.07 N 581-ІІ ҚР Заңы. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау) 10-бап.
2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері негізіндегі Ranking.kz есептеулері. – [Электрондық ресурс]. – URL: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/5-iz-100-kazahstanskih-par-novobrachnyh-razvodyatsya-ne-prozhiv-vmeste-i-goda>
3. Лактюхина Е.Г. (2017) От брака к разводу и обратно. Исследование постразводного поведения. Журнал социологии и социальной антропологии, 20(2): 62–81.
4. Социология брака и семьи: история, теоретические основы, персона- лии/ С.Н. Булова; Белорусский государственный университет. – Минск: Право и экономика, 2010. – 444 с. (Серия «Гуманитарные науки»)
5. Соловьева Г.Г., Булова Е.Е., Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері / З.К. Шаукенованың жалпы редакциясымен. = Казахстанская семья как базовая ценность общества: состояние и тенденции развития / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 196 б.
6. Шаукенова З.К., Отбасы институты - Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы = Институт семьи как фактор стабильности казахстанского общества / З.К. Шаукенова, Г.Г. Соловьева, Е.Е. Булова; З.К. Шаукенованың жалпы редакциясымен ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, Философия, саясаттану және дінтану институты. - Алматы : ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. - 222 б. : сур., кесте. - Библиогр. в подстроч. примеч. - ISBN 978-601-304-019-6.